



# Данна БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



№4 (44)  
2025



# Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 4 (44), 2025

[www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)

# ДАНА БАЛА

## Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтер мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

## Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала

<i>Искусственный интеллект как качественный инструмент персонализированного обучения, автоматизации рутинных задач и улучшения взаимодействия с детьми дошкольного возраста</i> <i>Михеева О.В.</i> .....	95
<i>3d-ручка в образовательном процессе дошкольников: игра, творчество, развитие</i> <i>Батырханова И.Е.</i> .....	100
<i>«Baby tennis» - мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық және тұлғалық жан-жақты дамуының инновациялық құралы</i> <i>Софиева А.Е.</i> .....	102
<i>Ермеков К.Е.</i> .....	102
<i>Қозғалыс арқылы қазақ тілі: балабақшада TPR әдісін қолдану тиімділігі</i> <i>Адам Ю.Н.</i> .....	105
<i>Лукпанова А.Ш.</i> .....	105
<i>3d технология – голограмма: балабақшада қолдану жолдары</i> <i>Қайырбаева Г.М.</i> .....	110

## БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

<i>Ерте кәсіптік бағдар беруді балабақшадан бастаудың маңыздылығы</i> <i>Жалбарысова М.А.</i> .....	113
<i>Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастырудың маңыздылығы</i> <i>Маржангүл Ж.</i> .....	119
<i>Организация работы по изучению правил дорожного движения с детьми дошкольного возраста</i> <i>Капарова М.А.</i> <i>Насырова Т.Н.</i> <i>Дывақ Н.В.</i> .....	124
<i>Балабақшада балалардың инженерлік ойлауы мен зерттеушілік дағдыларын ойын арқылы дамыту</i> <i>Сарсебаева Ж.А.</i> .....	129
<i>Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері</i> <i>Капарова В.С.</i> .....	134



## БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК ОЙЛАУЫ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ



**Сарсебаева Жанерке Абылайхановна**

Астана қаласы  
№44 «Үркер» балабақшасының  
меңгерушісі

**Аңдатпа.** Бұл мақалада балабақшадағы балалардың инженерлік ойлау қабілеті мен зерттеу дағдыларын ойын арқылы дамыту жолдары қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялы мен шығармашылығын жетілдіруде тәжірибелік әрекеттердің, құрастыру ойындарының, тәжірибелер мен жобалық жұмыстардың маңызы талданады. Сонымен қатар педагогтің балаларды ойлануға жетелеудегі, қолдаудағы және ынталандырудағы рөлі айқындалады. Инженерлік ойлау мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру – болашақта жас ұрпақты ғылым мен техникаға қызығушылығы жоғары, шығармашылыққа бейім тұлға ретінде тәрбиелеудің негізгі алғышарты екендігі атап көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі тәрбие, инновациялық тәсіл, инженерлік қабілет, логикалық ойлау, технологияға қызығушылық, зерттеушілік әрекет, танымдық даму, шығармашылық ізденіс, тәжірибелік іс-әрекет.

Қазіргі заманғы қоғам ғылым мен техниканың қарқынды дамуына негізделген. Сондай-ақ, қоғамға шығармашылықпен ойлайтын, жаңа шешімдер қабылдай алатын, өмірлік мәселелерге икемді қарайтын тұлға қажет. Мұндай қасиеттердің бастауын ерте жастан қалыптастыру маңызды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың инженерлік ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – олардың болашақтағы ғылыми-техникалық білімге, зерттеушілікке және шығармашылыққа бейімділігін қалыптастырудың негізгі қадамы болып саналады.

Инженерлік ойлау – тек техниканы меңгеру ғана емес, ол – логикалық пайымдау, мәселені шешу, құрастыру, тәжірибе жасау және жаңа идея ұсыну қабілеті. Ал мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік дағдылары – қоршаған ортадағы заттарды құрастырып, өзгертіп, қайта жасап шығару, түрлі материалдарды пайдаланып жаңа нәрсе ойлап табу, бақылау, салыстыру, сұрақ қою, болжам жасау және қорытынды шығару сияқты әре-

кеттер арқылы дамиды. Мұндай ойлау тәсілі балаға:

- мәселеге бірнеше қырынан қарауға;
- бөлшектерді біріктіруге;
- қарапайым механизмдермен танысуға;
- тәжірибе жасауға;
- қиялын нақты нәтижеге айналдыруға;
- сұрақ қою арқылы мәселенің шешімін іздеуге;
- шешім қабылдауда батыл болуға мүмкіндік береді.

Балабақша тәжірибесінен

Балалардың инженерлік ойлауын дамытуда нақты тәжірибелерді қолдану ерекше маңызды. Осы орайда, № 44 «Үркер» балабақшасында балалардың инженер-



лік қабілетін дамыту мақсатында арнайы ағаш құрылымдар пайдаланылады. Әртүрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу – баланың ой-қиялын дамытуға, шыңдауға, тиімді жол. Ағаш құрылымдар балалар үшін қолайлы әрі қауіпсіз, табиғи және экологиялық таза материал ретінде таңдалды. Мысалы, қарапайым ағаш бөлшектерді, тақтайшалар мен таяқшаларды пайдалана отырып, балалар түрлі тұрмыстық және ойынға қажетті заттарды құрастыра алады. Олар көліктің шағын моделін немесе көпірдің үлгісін жасап, бөлшектерді біріктіру тәсілдерін үйренеді. Бұдан бөлек бұранда, шаеба сияқты қарапайым бекіту құралдарымен жұмыс істеп, өз жобасын жоспарлап, оны тәжірибеде іске асыруға машықтанады.

Жұмыс барысында балалардың инженерлік ойлау қабілеті ғана емес, зерттеушілік дағдылары да қоса дамыды. Олар өздері жасаған бұйымның мықтылығын тексеріп, «қалай берік болады?», «қай жерін өзгертсек ыңғайлы болады?» деген сұрақтарға жауап іздеді. Ағаш құрылымдарды жүйелі түрде пайдалану біздің балабақшада оң нәтиже берді. Балалардың шығармашылық белсенділігі артып, топпен бірлесіп жұмыс істеу дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар тәжірибе жасауға қызығушылықтары оянып, ойын барысында туған идеяларын жүзеге асыруға деген талпыныстары күшейе түсті. Осылайша, №44 «Үркер» балабақшасында жүргізілген бұл жұмыс балалардың инженерлік ойлау қабілетін дамыту ісіне жаңа серпін берді және тәжірибені жалғастыруға, әрі қарай жандандыруға мүмкіндік тудырды.



C:\Users\Admin\AppData\Local\NetCache\Content.Word\құра

Ағаштан жасалған бұйымдарды құрастыру үшін балаларға шағын, қауіпсіз құралдар қажет. Мысалы:

- шаеба (құрылыс бекіткіштері);
- бұранда мен гайка;

- ағаш детальдар мен тақтайшалар, дөңгелектер және т.б.;
- баланың жасына бейімделген шағын бұрағыштар мен балғалар.

Бұл құралдармен жұмыс жасау кезінде тәрбиеші олардың қауіпсіз қолданылуын қа



дағалап отыруы керек. Қарапайым детальдарды біріктіру арқылы бала бөлшектердің бір-бірімен байланысын түсінеді, механикалық ойлау қабілеті дамиды.

Инженерлік қабілет – баланың қоршаған ортаны зерттеуге, тәжірибе жасауға, жаңа идея

ойлап табуға, мәселені шешуге деген құлшынысы мен бейімділігі. Ол ерте жаста ойын әрекеті арқылы, түрлі материалдармен жұмыс істеу барысында дамиды. Балабақшада бұл қабілетті қалыптастыру – болашақта ғылым мен техникаға қызығушылықтың негізін қалау деген сөз.



Мектепке дейінгі ұйымда инженерлік қабілеттерді дамыту үшін педагогтер әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады:

1. Құрастыру және модельдеу – шығармашылық тапсырмалар беру. Мысалы: «Ағаш бөлшектерден көпір құрастыр», «Жиһаз макетін жаса».
2. Жобалық жұмыс – топтық жұмыс ұйымдастыру. Бірнеше бала бірігіп құрастыру арқылы ынтымақтастықты және командалық ойлауды дамытады.
3. Зерттеу жүргізу – балаларға дайын үлгіні қайталаудан бөлек, өз нұсқасын ойлап табуға мүмкіндік беру.

4. Қауіпсіздік дағдыларын үйрету. Әрбір құралдың қалай қолданылатынын дұрыс көрсету – болашақта еңбек мәдениетін қалыптастырады.

Инженерлік қабілеттерді дамытуда тәрбиешінің рөлі айрықша маңызды. Педагог әр баланың ойлау ерекшелігін ескере отырып, олардың қиялына еркіндік беріп, қызығушылығын қолдайды. Сонымен қатар қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, бағыт-бағдар беріп ынталандырады. Баланың жетістігін дер кезінде мадақтап, оны жаңа идеяға жетелейді.





### Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы

Ата-анамен бірлескен жұмыс – инженерлік қабілеттерді дамытудағы басты құралдардың бірі. Үйде ата-ананың көмегімен орындалған шағын жобалар баланың өзін-өзі танып, қолымен жасаған еңбегіне қуануына ықпал етеді. Мұндай жұмыстар ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтып, ортақ тіл табысуға жол ашады. Осыған қоса, балабақша педагогтері мен ата-аналар бірлесіп ұйымдастырған шығармашылық көрмелер мен шеберлік сағаттары балалардың қызығушылығын арттырып, жаңа бастамаларға жетелейді.

Балалардың ойлауын дамыту үшін арнайы қымбат құрал-жабдықтар міндетті емес. Күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым

материалдарды – картон, қағаз, пластикалық ыдыстар, сым темірлер, бұзылған ойыншықтардың бөлшектерін тиімді пайдалануға болады. Осындай материалдарды пайдалану арқылы қиялы мен ойлау қабілеті дамиды. Мысалы, картоннан тікұшақ немесе көлік құрастырып, пластик қақпақтар мен түтікшелерден қарапайым механизмдер жасауға болады. Сонымен қатар, түрлі шамдарды қолданып жарық қондырғыларын құрастыру балаларды шығармашылыққа баулиды.

Мұндай әрекеттер ата-анамен бірлесіп орындалғанда, баланың әлеуметтік байланысы күшейіп, отбасындағы қарым-қатынас нығая түседі. Ең бастысы, инженерлік бағыттағы ойындар мен тәжірибелер балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал етіп, телефон мен түрлі гаджетке тәуелділігін азайтады.





Қорытындылай келе, балабақшадағы инженерлік қабілетті дамыту – баланың болашағына салынған ең маңызды инвестициялардың бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың жүйелі жүргізілуі балаларды зерттеушілікке бейім, жаңа ойға құштар, шығармашылық ашық тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. №44 «Үркер» балабақшасында ағаш құрылымдарды пайдалана отырып түрлі заттарды жасау – мектеп жасына дейінгі балалардың инженерлік ойлауын дамытудың тиімді әдістерінің бірі болып таңдалды. Қарапайым материалдармен ойлап табу, құрастыру, тәжірибе жасау –

балалардың өмірге қажетті дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық әлеуетін арттырады және болашақта инженерлік салаға қызығушылығын оятады. Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық осы жұмыстың нәтижелілігін арттырып, балаларға қолайлы дамытушы орта қалыптастырады. Қарапайым материалдар арқылы жаңа ойыншықтар құрастыру мен тәжірибелер жүргізу – баланың ойлау қабілеттерін жетілдірудің, сонымен қатар ғылым мен техникаға бейім тұлға тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Рауан, 2018.
3. Piaget J. The Child's Conception of the World. – London, 1999.
4. Тұрғынбаева Б.А. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары. – Алматы, 2017.
5. Хуторской А.В. Педагогическая инноватика: теория и практика. – М., 2003.

